

Жумаканова Камила

**Мурсалимова Г.А Өнертану кандидаты, Т.Қ.Жүргенов
атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының доценті**

Казахская национальная академия искусств имени Т.К.Жүргенова, Казахстан

Қазақ телевизиясындағы ұлттық бағдарламалардың қалыптасу бағыты

Телевизия саласына кірісіп, бағдарламалар туралы айтып, түрін түстемес бұрын ең әуелі, ұлттық бірегейлікті сақтау дегеніміз не, осыны анықтап алғанымыз жөн. «Ұлт» немесе «ұлттық» бірегейлік нені білдіреді? Бұл туралы әр жерде әр түрлі көмескі түсініктемелер көптеп кездеседі. Ұлт дегеніміз – көпфункционалды , тұтас, жартылай жабық әлеуметтік –мәдени топ, және ол өзінің өмір сүріп жатқанын, бірлігін сезіне де, сездіре де алады. Ұлт бір мелекеттің азаматтары, тілдері ортақ немесе ұқсас және олардың алдында өмір сүргендердің ортақ тарихынан туындаған ортақ жиынтық, өздері және ата бабалары тұрған ортақ территориялардан құралушы дүние.[1] Атам қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген керемет мағыналы сөз бар. Бұл аталы сөз ұлтты ұйыстыруға ұлттық бірегейлікке, елдік пен ауызбіршілікке үндейді. Себебі, ұлттық бірегейліктің түп – тамыры әрбір отбасындағы ұлттық дәстүрден бастау алады. Әрине, жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты жоғалтпай, бабадан балаға мирас болып жалғасқан ата дәстүрді ұмытпаған абзал.

Сонымен бірге ұлт дегеніміз мемлекеттен, этникалық және таза территориялық топтардан өзгеше әлеуметтік жүйе. Міне осыдан келіп ұлттық бірегейлік ұғымы туындайды. Ұлттық бірегейлік ұғымын көбінесе ұлтты керемет, әлеуметтік этникалық қауымдастық және тарихтың толық субъектісі ретінде түсіндірумен байланыстырып жатады.[2] Сонымен қатар ұлттың өткен тарихы, ортақ абыройы, бабаларымыздың жасаған ерен еңбектері және оларды еске алу, атақ даңқ, өкініш мұң мұрасы мен болашаққа деген тың идеялар мен көзқарастары арқылы айқындауға әбден болады. Көп жағдайда Қазақстанның әлеуметтік саяси, мәдени дамуында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі қазақ философиясында өзекті деп саналады. Бұл мәселені белгілі бір тақырып етіп, соның аясында зерттеулер жүргізсек, кейбір мәселелер мен қиындықтар туындауы әбден мүмкін.

Ұлттық бірегейлілік мәселесінің қиындығы мен күрделілігі – оның көп қырлылығында. Сондықтан да оны зерттеу барысында белгілі бір

оқиғалардың, саяси бағдарламалардың, тың идеялардың, сезім мен көңілдің жетегінде кетуге болмайды. Қазақ философиясының негізін салушылардың бірі - Абай ілімі тап бүгінгі ұрпақты «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» дегендей ұлттың жан дүниесіне үңіліп, сын көзбен қайта қарауды талап етеді. Қашан да қоғамға қажет нәрсе ұлттық бірегейлік, себебі, мемлекеттің тұтастығы қоғамдағы ұлттың және зиялылардың азаматтық бірегейлігіне тәуелді. Ұлттық бірегейлік ұрпақтың рухани деңгейінен шығады, рухани деңгей арқылы көрініп, жүзеге асып отырады.[3] Айта кету керек, ұлттық бірегейлілік тұрақты сипатқа ие, алайда оған қоғамдық–тарихи тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа бергенімен, оған жасампаздық та бөтен емес. Кеңес заманынан кейінгі қазақстандықтардың өзіндік бірегейлілік үдерісі бүгінгі күнге дейін аяқталды деп айтуға келмейді. Еліміз болашақта өзінің тарихи қалыптасып келе жатқан ұлттық келбетін сақтап қана қоймай, сонымен қатар тең құқылы дәрежеде өзге елдермен жаһандану үдерісіне кіруі қажет. Ұлттық бірегейлік болмаса не болады? Ұлттық бірегейлік болмаса, тұлғалық бірегейлік болмайды. Тұлға болмаса, тарих та болмас еді. Яғни, ғасырлар бойы қалыптасатын мемлекеттің негізгі құндылықтары – дәл осы тұлғалық қасиет, ұлттық бірегейлілік пен құндылықтардан тұрады.[4] « Ұлттық салт дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз бен өнеріміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай ұлттық бірегейлігіміздің сақталғанын өнер, телевизия саласынан да байқауға болады. Яғни, тарихты кино мен телевизия арқылы таныту. Телевизиясыз бүгінде қоғамды елестету мүмкін емес. Телевизия пайда болған күннен бастап адамзатты таңырқатып келе жатқан тың құбылыс болды.

1958 жылы Алматы, Өскемен және Қарағанды қалаларында алғашқы телеорталықтар пайдалануға берілді. Кейін, шалғайдағы елді-мекендерге хабар тарату қажеттілігі пайда болды. Нәтижесінде, жаңа технологияларға жол ашылды. 1971 жылы Қазақстанда 3 «Орбита» станциясы, 59 РТС радиохабар таратуды жүзеге асырды. «Орбита» жүйесімен қатар «Москва» жерсеріктік хабар тарататын жаңа жүйе де қатар дами бастады [5]. Содан бастап телевизия саласы қарыштап дамып, техникасы жаңара түсті. Арнаның медия кеңістіктегі әлеуеті әжептәуір әлдене түсті. Ұлттың қамын ойлаған ұлттық телеарналар, бағдарламалар пайда бола бастады. Телеарна әртүрлі хабарлар таратып, сан саланы бағдарламаларға арқау етті.

Алайда, енді ұлттық колоридтегі телебағдарламалар саусақпен санарлық. Таңертең көзді аша салысымен теледидармен оянып, теледидар көріп жатып тәтті ұйқыға кететін, енді қазіргі таңда көгілдір экраннан көрсетіліп жатқан бағдарламалар бүгінгі ұрпақтарға қызықтырмайтыны хақ. Бүлдіршіндер амал

жоқ атыс-шабыс бейнеленген шетелдік кинолар мен мультсериалдарды көруге мәжбүр.

Кино тұтастай бір ұлттың мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен салт дәстүрін, ұлттық идеясын көрсететін құралдың бірі болып табылады. Өзімізге белгілі түрік, кәріс және батыс елдерінің тарихи кинолары арқылы біз оларды тани білдік, өздерін таныта білді. Біздің бала кезімде кәрістің «Тангем», «Жумонг ханзада», «Тәуіп Хо Жун» сынды телесериалдары отандық арналарымыздан көрсетіліп жатты. Біздің көп жастарымыз сол фильмдердегідей ерлікке, еңбекқорлыққа, жауынгерлікке ұмтылды. Міне, осындай бір ғана фильм адам санасын өзгертуге ықпал етті. Қазақ халқы ақындар мен би - шешендерге, сал-серілер мен даңқы жер жарар батырларға кенде емес. Аты мен өмірлері тұтастай тарихқа айналған осынша арда азаматтарымыздың өміріне тікелей негіздеп көптеген кинолар, анимациялық мультфильмдер түсірілуі керек. Түсіріліп те жатыр. Бірақ ол тым аздық етеді. Тарихымыз, тұлғаларымыз оншалықты аз емес қой. Сондықтан қазіргі өскелең ұрпаққа мақтан тұтар тұлғалар өмірі мен тарихымызды көптеп таныстыру қажет.

Мемлекеттің соңғы жылдары қабылдап жатқан бағдарламаларының ішінде «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» атты арнайы жоба бар екен. Оның мақсаты да жоғарыда айтып өтілген Қазақстанның өркениетін, тарихын үздіксіз дамуын көрсететін деректі және қысқа, толық метрлі фильмдерін өндіріске енгізу болып табылады. Бұл арнайы жоба аясында Қазақстан жазушылары еңбектерінің негізінде тарихи фильмдерді түсіру және шығармашыл жастарды кино әлеміне, өнер әлеміне тарту, сценарийлерді жазып, экран бетіне шығару, көптеген ұлттық бағдарламаларды жарыққа шығару бағытында біраз жұмыстар атқарылып жатыр. Қазіргі заманғы жаңа ұрпақтың тарихи таным-түйсігінде кино өнерінің ерекше орынға иелігін ескере келе, Қазақстанның өркениет тарихындағы үздіксіз дамуын аңғарту, Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалану негізінде ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыру, қазақтың бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғаларын таныстыру. Қысқасы, жоғарыда баса айтылған алғы мақсатқа қатысты тұжырымдардың күллісі де тұлғаның рухани жаңғыруын жүзеге асырмақ. Жылдан жылға елімізде телевизиялық бағдарламалар саны артып, ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп жатыр ма?

60 жыл ішінде Қазақ телевизиясы талай айтулы белестерден өтті. Әр жылдарда Қазақ телевизиясы сан түрлі құрылымдылық өзгерістерге ұшырады. Жыл сайынғы қабылдап жатқан мемлекеттің ұлттық бағдарламаларынан бөлек, телевизияның іргетасы қаланғаннан бері мыңдаған бағдарламалар жарыққа шықты. Телевизия тарихында есте қалған

ерекше бағдарламалар – («Қымызхана», «Құрдастар», «Шұғыла», «Ревесники», және де авторлық бағдарлама «Сұхбат» т.б) бас редакциялардың құрылуы өз жемісін берді. Осы айтылған бағдарламалардың ішіндегі «Құрдастар» Нұртілеу Иманғалиұлының жетекшілігімен жиналған топ сол кездегі студент жастар мен жұмысшы жастардың өмірінен хабардар етеді. Көгілдір экранда сол жылдары көрсетілген балаларға арналаған хабарларларды айта кететін болсақ («Алтыбақан», «Айгөлек»), және ауылшаруашылығындағы «Ақ бидай», өндіріс тақырыбын қозғайтын («Операция», «Ритм») т.б туындылар жарық көріп, есте қаларлықтай болды.[6] Танымал болған тағы бір бағдарлама «Кездесу». Мәселен, бұл бағдарламаның кадрларында жазушы Оралхан Бөкеевтің кездесу кеші өтті. Танымал ақын жазушылармен болатын жүздесудің телевизиялық нұсқасы халық үшін ыстық еді. Сонымен қатар 2002 жылы жарық көрген бірден бір қазақ тіліндегі бағдарлама «Ақжүніс» еді. Бағдарлама жүргізушісі – Сәуле Әбединова. Бағдарлама мақсаты – қыздар тәрбиесі, жас жұбайлар, шаңырақ көтеріп, отау тігу, отбасы, өмірге ұрпақ әкелу мәселелеріне байланысты толғақты ой–пікірлерді ортаға салып, ақыл–кеңес беру еді.

Осы бағдарламалардың әрқайсысының мән мағынасы, халыққа қалдылар өзіндік мұрасы бар. Ұлттық бірегейлікті сақтауға арналған бағдарламаларға отандық арналардан беріліп жатқан діни, қоғамдық - әлеуметтік, саяси, тарихи, өнер, әдебиеттік тақырыптардағы бағдарламалар жатады. «Тау болмаса да төбенің басын көрмегеннің ғұмыры зая» дегендей, өскелең ұрпаққа тарихты дәріштеп, ұлттық бірегейлігімізді жадына сіңіре беруіміз керек. Әйтеке бабамыздың сөзіне сүйене түйіндер болсақ, «еңбексіз өткен өмір де бір, ерте келген өлім де бір». Сондықтан ұлт үшін, ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу үшін, ұрпақтан - ұрпаққа мұра ету үшін тынбай еңбек етуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности.–Алматы, 2009. 235стр
2. Тощенко Ж. Т. Этнократия. История и современность. М. Роспен ; 2003. 434стр
3. Электронды ресурс: www.tarsu.kz
4. Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма. – М,1999. – 125стр.
5. Электронды ресурс: <http://www.kaztelradio.kz/c/130> (26 мая 2015)
6. Электронды ресурс:
<https://www.old.el.kz/blogs/entry/%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B-D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%B2%D1%B8%D0%B7%D0%D1%8F%D1%81D1%8B%D0%BD%D1%8B%D2%A3-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B>